

## Қазақстан Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөнінде 1995 жылға арналған шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 2013. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Теңгені бірден-бір заңды төлем қаражаты ретінде бекіту және валюта бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. <\*>

Ескерту. 1-тармақ күшін жойды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.02. N 2397 жарлығымен. U952397\_

2. 1995 жылғы 16 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының барлық аумағында аэропорттар мен теңіз порттарының транзит аймақтарында, сондай-ақ халықаралық жол қатынастарында жолаушыларды тасымалдауға қатысатын темір жол және әуе көлігінде жасалатын сауда (жұмыс, қызметтен) басқа бөлшек сауданы (жұмысты, қызмет көрсетуді, шетел азаматтарына билет сатуды қоса) нақты шетел валютасына жүзеге асыру тоқтатылсын. Егер де Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде бұдан басқаша көзделмеген болса, бұл тәртіп Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденттері еместердің операцияларына қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір айлық мерзімде: аэропорттардың, теңіз порттарының транзит аймақтарында, темір жол және әуе көлігінде тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) шектелген тізбе бойынша шетелдік валютаға сату құқығы берілген кәсіпорындар мен ұйымдарды анықтасын;

валюта нарығын ретке келтіру мен бөлшек сауданы (жұмыс жасау мен қызмет көрсетуді) шетелдік валютаға сатуды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі бұрын қабылданған шешімдері осы Жарлыққа сәйкестендірсін;

валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату жөнінде тікелей жеңілдіктер беру тәжірибесі жойылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі екі апта мерзім ішінде:

бөлшек сауданы (жұмысты, қызмет көрсетуді) нақты шетел

валютасына жүзеге асыруда бұрын берілген лицензиялардың күшін жойсын;  
Қазақстан Республикасының аумағында кредит және дебет  
карточкаларын пайдалана отырып есеп айырысудың тәртібін әзірлеп  
бекітсін.

5. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті